

## Есеп

Тәрбиелік жұмысының жоспары бойынша 26 қараша айында 2020 жылы БТ-20-1, ХТОВ-20-1 тобында ақын – жазушы, ҚСРО жазушылар Одағының мүшесі Ә. Көшімұлының шығармашылық кеші өтті. Модератор болып БТ-20-1 тобының студенті Калиева А. жүргізді. Желтоқсан айында туғанына 109 жыл боларын ескертіп, өмірбаянына байланысты презентация жасады. Әкесі Көшімқажы және екі ағасы, халық жауы, деп айыпталып атылған, апасы Карлаг түрмесінде отырған. Өзі жас кезінде баласы жоқ ағайынның қолында өскендіктен, туған әкесін жасырып аман қалғанына таң қалады. Модератор айтуынша алғашқы «Құлагер» поэмасы 1935 жылы Қызыл Әскер газетінде жарық көрген, алғашқы автор. «Қанбақ шал», «Ұртоқпақ» ертегінің авторы және радио-телевидение арқылы елге таңымалы қылған. ХТОВ-20-1 тобының студенті Мутәләп Г. Жарық көрген кейбір еңбектерін айтып өтті. Оның ішінде «Екі бүркіт» табиғат пен аңшылыққа деген сүйіспеншілік, «Лашын хикаясы» С. Сейфуллиннің өмірінен үзінді. Қазақтың тарихын оның күйінен де білуге болады деп айтып кеткен екен. Шераханова Аружан, Бірмағамбетова Дильназ, Нургазиева Жанерке БТ-20-1 тобының студенттері Әуезхан Көшімұлының М. Ауэзов, А. Кунанбаев, М. Дулатовтың інісі, жандосы Зулқарнай Дулатовке арналған өлендерін оқыды. Аяғында Тарих кафедрасының аға оқытушысы Ошанов Н.

Жүз деген жыл ойрандалып жер мекен,

Сан қырғынға ұшырапты ел деген.

Сонша қиын қақтығыстан өткенде,

Құрып кетпей қалай тірі қалды екен., өленің оқып, Ә. Көшімұлының өмірінен Кенес Одағы кезіндегі қазақтың қилы тарихын көруге болады деп тұжырымдады.

Жауапты Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы Ошанов Н.З.

аға оқытушысы ф.ғ.к.

Нұғман Б.Ғ.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі  
Қарағанды техникалық университеті




Қарағанды – 2020




Әуезхан Көшімов 1911 жылы 15 желтоқсанда, қазіргі Қарағанды облысы, Шет ауданы, «Донғал» темір жол бекетінен 3 шақырым жерде нөмірі 3 ауылда дүниеге келген. Жас кезінен ақындыққа бейім болған, 1920 жылдардың аяғында КазМУ-дің тіл әдебиет бөлімінде дәріс алған. 1940 жылдан Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі болған. 1942ж

XX ғасырдың басында Шет өңіріне есімі кеңінен мәлім болған Құрманбайұлы Көшім қажының баласы. Әукеңнің әкесі Көшім қажы текті атадан тараған Қарахесек-Кәрсен руынан, Тарпақ бабамыздың немересі болатын. Ол кісі 1911 жылы Меккеге сапар шегіп, тәу етіп келеді. Қажылықтан кейін Сарышоқы қыстағында Алланың жердегі үйі-мешіт салдырып, ғұлама молдаларға жағдай жасап, жастарға ислам дінін оқытып, халқымызға имандылықты кеңінен уағыздауға ден қойған екен. Медресенің орыны әлі күнге дейін жартыла сакталған.



Қаламгер шығармаларының талғамы жоғары, алайда ақынның оқырмандарға кеңінен тағыла қоймаған туындылары да бар. Ақынның тұңғыш шығармасы – «Құлагер» атты поэма. Бұл шығарма 1935 жылы «Қызыл әскер» газетінде жарияланған. Тағыда осы газетте «Бұрнақкер» деген поэмасы басылды.



Нургазиева Жанерке





Мүтэлэп Гүлайым

